

**«Fairy 25 жылдығын тойлайды!»**

1. Акцияның атауы (әрі қарай – Акция)	<b>«Fairy 25 жылдығын тойлайды!»</b>	
2. Акция Ұйымдастырушысы.	Атауы БСН	<b>«АЛИДИ логистикалық компаниясы» ЖШС</b> 160240033817
	Пошталық мекенжайы	050007, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Орманов көш., 64Б/1
	Кері байланыс	Сұрақтар мен ұсыныстар үшін электрондық пошта адресі: help@fairy25let.kz Электрондық адреске хабарласқан кезде хат тақырыбына <b>Акция атауын</b> көрсету маңызды.
Акцияға Тапсырыс беруші.	Атауы БСН	<b>«Проктер энд Гэмбл Қазақстан Дистрибьюшн» ЖШС</b> БСН 160640000220
	Пошталық мекенжайы	050059, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Назарбаев д-лы, 240Г
Акцияның Техникалық Серіктестері.	Атауы БСН	<b>«ВИМ Диджитал» ЖШС (әрі қарай — «Техникалық Серіктес 1»)</b> БСН 220540022102
	Пошталық мекенжайы	010016, Қазақстан Республикасы, Астана қ., Есіл ауданы, Түркістан көшесі, 8/2
	Атауы БСН	<b>«Брендлинк» ЖШҚ</b> (125504, Мәскеу қ., Западное Дегунино ішкі аум.к. Муниципалдық округі , Дмитровское ш., 71Б-үй, 7/7-орынж., СТСН 7725499781) <b>Sky Studio d.o.o.</b> Заңды мекенжайы: Жибертов көшесі, 26, 1000 Любляна, Словения. Пошта мекенжайы: Жибертов көшесі 26, 1000 Любляна, Словения. СТЖН/ЕАСК: SI66897564 НМТН: 6436188000
	Пошталық мекенжайы	125504, Мәскеу қ., Западное Дегунино ішкі аум. қ. Муниципалдық округі, Дмитровское т.ж., 71Б-үй, 7/7-орынж.
3. Акцияның өткізілу мерзімі.	<p>3.1. <b>Акцияның жалпы өткізілу мерзімі:</b> 01.03.2024 ж. – 31.05.2024 ж.</p> <p>3.2. <b>Сатыпалым және Акцияға қатысу өтінімдерін қабылдау мерзімі</b> (<a href="https://pgbonus.kz/promos/fairy-25-let">https://pgbonus.kz/promos/fairy-25-let</a> сайтында сатыпалымды растайтын чектерді тіркеу): соңғы күнді қоса, 01.03.2024 ж. – 30.04.2024 ж. (сатыпалым күні чек бойынша анықталады).</p> <p>3.3. <b>Акцияға қатысу үшін кассалық чекті сақтап қою қажет, онда келесі ақпарат көрсетіледі:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- чектің жасалған күні мен уақыты;</li> <li>- тауарлардың атауы (міндетті)</li> <li>- тауарлардың саны</li> <li>- тауардың бір бірлігі үшін бағасы</li> <li>- есеп айырысу (жиынтық) сомасы және т. б.</li> </ul> <p>3.4. <b>Акция Жеңімпаздарын анықтау және жариялау мерзімі:</b> соңғы күнді қоса, 01.05.2024 ж. – 17.05.2024 ж.</p> <p>3.5. <b>Акцияның барлық Жұлделерін беру мерзімі:</b> соңғы күнді қоса, 31.05.2024 ж. дейін.</p>	

<p>4. Акцияның өткізілу аумағы мен мақсаты.</p>	<p>4.1. Акция Қазақстан Республикасының (әрі қарай – ҚР) аумағындағы барлық бөлшек сауда дүкендерінде өткізіледі. 4.2. Акцияның мақсаты тұтынушылардың Fairy өніміне сұранысын ынталандыру болып табылады.</p>
<p>5. Тауар мен өткізілетін Акцияның өзара байланысын орнатуға мүмкіндік беретін Тауар белгілерінің сипаттамасы.</p>	<p>5.1. Акцияға қатысатын тауарлар «Fairy» тауар белгісінің кез келген өнімі (әрі қарай – Тауарлар) болып табылады. 5.2. Осы Ережелердің 3.2-т. көрсетілген мерзімнің ішінде жасалған сатыпалым үшін сауда нүктесінде алынған және 3.3-т. көрсетілген талаптарға сәйкес кассалық чек 5.1-т. көрсетілген Белгілері бар Тауарлардың сатып алынғанының растамасы болып табылады. Чектерді тауарды сатып алған күннен бастап 14 күн ішінде (сатып алу күні мен уақыты чекте көрсетілген), бірақ 30.04.2024 жылдан кешіктірмей тіркеуге болады.</p>
<p>6. Акция қатысушыларына Ережелер туралы, сондай-ақ Акция нәтижелері туралы хабарлау тәртібі мен тәсілі.</p>	<p>6.1. Акция Қатысушыларына (әрі қарай – Қатысушы) ақпарат беру Акцияның бүкіл өткізілу мерзімінде <a href="https://pgbonus.kz/promos/fairy-25-let">https://pgbonus.kz/promos/fairy-25-let</a> сайтында (әрі қарай – Сайт) Ережелерді орналастыру арқылы жүргізіледі. 6.2. Акция нәтижелері <a href="https://pgbonus.kz/promos/fairy-25-let">https://pgbonus.kz/promos/fairy-25-let</a> сайтында орналастырылады.</p>
<p>7. Акцияның жүлде қоры.</p>	<p>7.1. Акцияның жүлде қоры Акция Ұйымдастырушысы/Тапсырыс берушісі есебінен құралады және келесілерді қамтиды:</p> <p><b>7.1.1. Бірінші деңгей жүлдесі</b> – Mechta.kz <a href="https://www.mechta.kz/">https://www.mechta.kz/</a> дүкендерінде ыдыс жуатын машина сатып алуға номиналы 250 000 (екі жүз елу мың) теңгелік Сыйлық сертификаты және ақшалай жүлде* – 4 (төрт) жүлде, Акцияның әр кезеңінде 1 (бір) жүлдеден ұтысқа тігіледі.</p> <p><b>7.1.2. Екінші деңгей жүлдесі</b> – Mechta.kz <a href="https://www.mechta.kz/">https://www.mechta.kz/</a> дүкендерінде таба сатып алуға номиналы 20 000 (жиырма мың) теңгелік Сыйлық сертификаты және ақшалай жүлде* – 27 (жиырма жеті) жүлде, Акцияның 1-кезеңінде 7 (жеті) жүлде, Акцияның 2-кезеңінде 7 (жеті) жүлде, Акцияның 3-кезеңінде 7 (жеті) жүлде және Акцияның 4-кезеңінде 6 (алты) жүлде ұтысқа тігіледі.</p> <p>*Акция ұйымдастырушысының ЖТС ретінде ұстайтын және Қазақстан Республикасының Салық Кодексінің 655-бабын орындау үшін салық органдарына аударылатын сомасы.</p> <p>7.2. Акцияға қатысу кассалық чекпен расталады. 7.3. Жүлделер кассалық чектің түпнұсқасын көрсеткен кезде ғана беріледі. 7.4. Бір Қатысушы Акцияның бүкіл өткізілу мерзімінде бір ғана Бірінші Деңгей Жүлдесін немесе бір ғана Екінші Деңгей Жүлдесін ала алады.</p>
<p>8. Акцияның шарттары.</p>	<p><b>Акция Қатысушысы болып, Жүлделерді ұтып алу мүмкіндігін алу үшін:</b></p> <p>8.1. Ережелердің 3.2.-т. көрсетілген кезеңде ҚР кез келген дүкенінен осы Ережелердің 5.1-т. көрсетілген кез келген Тауарды бір чекпен 3000 теңгеден жоғары сомаға сатып алып, чекті сақтау керек. 8.2. Ережелердің 3.3.-т. көрсетілген кезеңде <a href="https://pgbonus.kz/promos/fairy-25-let">https://pgbonus.kz/promos/fairy-25-let</a> Сайтына тіркеліп, барлық қажетті жолдарды: атын, жеке электрондық пошта адресін, жеке ұялы телефон нөмірін (+7 XXX XXX XX XX) толтырып, келесіні растайтын белгі қою керек:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>● Акцияға қатысуға келісім;</li> <li>● Қатысушының электрондық поштасына және ұялы телефон нөміріне жарнамалық сілтеме алуға келісім;</li> <li>● Сайтты пайдалану Шарттарымен және ережелерімен, сондай-ақ «Проктер энд Гэмбл Қазақстан Дистрибьюшн» ЖШС қабылдаған Күпиялылық саясатымен келісу;</li> </ul>

- Ұйымдастырушының/Техникалық серіктестің/Тапсырыс берушінің жеке деректерді өңдеуге келісімі;
- кәмелетке толу және Қазақстан Республикасы азаматтығының болу фактісі.

8.3. Техникалық Серіктес Сайтта тіркелу кезінде көрсетілген және расталған электрондық пошта адресіне жіберетін хаттағы арнайы сілтеме бойынша өту арқылы электрондық пошта адресін растау.

8.4. Чектегі QR-кодты сканерлеу, барлық қажетті жолдарды (аты-жөні, электрондық пошта адресі, телефон) толтыру арқылы осындай чекті <https://pgbonus.kz/promos/fairy-25-let> сайтында тіркеп, төмендегіні растайтын белгіні қою:

- Акцияға қатысуға келісім;
- Сайтты пайдалану шарттарымен және ережелерімен, сондай-ақ «Проктер энд Гэмбл Қазақстан Дистрибьюшн» ЖШС қабылдаған Күпиялылық саясатымен келісім;
- кәмелетке толу және ҚР азаматтығының болу фактісі.

Акцияға 01.03.2024 ж. Астана уақыты бойынша сағат 00:00 бастап 30.04.2024 ж. Астана уақыты бойынша сағат 23:59 дейін сатыпалым жасалғанын растайтын чек(тер) қабылданады. Чекті жүктеу Акцияға қатысуға өтінім беру деп танылады.

Сайтта кассалық чектерді/чектерді сатып алған күннен бастап 14 күн ішінде ғана тіркеуге болады (сатып алу күні мен уақыты кассалық чекте көрсетілген):

- Кассалық чекті Өнімді сатып алғанын растайтын чектің QR-кодына смартфон камерасын бағыттау арқылы скандау немесе Кассалық чекті тұтастай фотоға түсіру.

- QR-кодты сканерлеген кезде чектің QR-коды суреттің бүкіл жерін қамтиды;

- QR-кодтың суреті мен чектің фотосуретінде басқа заттар, көлеңкелер болмауы тиіс;

- чектің суреті міндетті түрде тігінен жасалуы тиіс;

- QR-коды скандалатын немесе фотосы түсірілетін чек мыжылмаған, жыртылмаған болуы тиіс;

- суретте бір QR-кодтан немесе чектен көп болмауы тиіс.

Кейінгі (екінші және одан кейінгі) чектерді тіркеу үшін Сайтта жеке деректерді қайта енгізу қажет емес.

Чекті жүктеу Қатысушының <https://consumer.oofd.kz/> ақпараттық сервисін пайдалануға өтініш бергенін және фактісі тексерілуі мүмкін есеп айырысу туралы ақпараттың Ұйымдастырушыға/Тапсырыс берушіге/ Техникалық Серіктестерге және олар тартатын үшінші тұлғаларға қолжетімді болатынына келісімін білдіреді.

Егер сурет оқылмайтын (атап айтқанда, ішінара зақымдалған, анық емес немесе жасанды) деп танылса, Ұйымдастырушы/Тапсырыс беруші Қатысушы жіберген чекті кез келген уақытта есепке алмауға құқылы.

Жіберілген чектер чектерді жүктеу мерзімі аяқталған сәттен бастап 10 (он) жұмыс күніне дейінгі мерзімде Акция шарттарына сәйкестігін (модерациядан) тексеруден өтеді.

Бірінші чектің тіркелуі Қатысушы Сайттағы жеке кабинетте өз деректерін (тегі, аты, телефоны, E-mail) көрсеткен сәттен бастап қана аяқталған болып есептеледі.

8.5. Бір чек Акцияның бүкіл өткізілу мерзімінде өтінім ретінде бір рет қана қаралады.

8.6. Осы Ережелердің 8.2–8.4-т. көрсетілген әрекеттерді жасаған тұлға Акция Қатысушысы болып танылады, бұл ретте әрбір тіркелген чекке жеке Өтінім (әрі қарай – Өтінім) беріледі. Ұйымдастырушы әрбір Өтінімге хронологиялық тәртіпте реттік нөмір береді және Өтінімдерді есепке алудың жалпы тізілімін жасайды.

8.7. Әрбір Қатысушы Акцияға шексіз мәрте қатыса алады.

8.8. Акцияның бүкіл өткізілу мерзімінде Жұлделерді алу үшін чекті бір рет қана пайдалануға болады, ал егер бір кассалық чек бойынша бірнеше тауар сатып алынған

болса, онда Акцияға қатысу үшін осы чек бойынша сатып алынған бір затты ғана пайдалану қажет.

9. Акция Жеңімпаздарын анықтау критерийлері

9.1. Акция Жеңімпаздарын – Жұлделер иелерін анықтау үшін Акция Ұйымдастырушысының («АЛИДИ Логистикалық компаниясы» ЖШС) 2 өкілінен және Акция Тапсырыс берушісінің («Проктер энд Гэмбл Қазақстан Дистрибьюшн» ЖШС) 1 өкілінен, барлығы 3 адамнан тұратын тәуелсіз Қазылар алқасы құрылады.

9.2. **Бірінші деңгей Жүлдесін** алатын Акция Жеңімпаздары келесі жолмен анықталады:

9.2.1. Ережелердің 3.4.-т. көрсетілген кезеңде Бірінші деңгей Жүлдесіне үміткер Қатысушылар тізімі қалыптасады: Қатысушының әрбір өтініміне Ережелердің 8.7-т. сәйкес <https://pgbonus.kz/promos/fairy-25-let> Сайты арқылы жіберілген чектер кезектілігіне сәйкес жеке реттік нөмір (әрі қарай – №1 База) беріледі.

9.2.2. Әрі қарай осы Ережелердің 3.4-т. көрсетілген мерзімде Қазылар алқасы келесі сұлба бойынша 4 (төрт) Жеңімпазды – Бірінші Деңгей Жүлдесінің иегерлерін анықтайды:

$$N = A - A * B;$$

мұндағы,

N – №1 Базадағы Өтінімнің реттік нөміріне сәйкес келетін сан (бүтінге дейін дөңгелектелген)

A – №1 Базадағы Өтінімдердің жалпы саны.

B мәні:

1-Жеңімпаз – Бірінші деңгей Жүлдесінің иегері үшін	Жеңімпаздарды анықтау күніндегі ресей рублінің теңгеге шаққандағы бағамының (Қазақстанның Ұлттық банкінің деректері бойынша) бөлшек саны, ол арифметика ережелері бойынша үтірден кейін 2 таңбаға дейін дөңгелектеледі.
Бірінші деңгей Жүлдесінің 2-ші Жеңімпаз-иегері үшін	Жеңімпаздарды анықтау күніндегі түрік лирасының теңгеге шаққандағы бағамының (Қазақстанның Ұлттық банкінің деректері бойынша) бөлшек саны, ол арифметика ережелері бойынша үтірден кейін 2 таңбаға дейін дөңгелектеледі.
Бірінші деңгей Жүлдесінің 3-ші Жеңімпаз-иегері үшін	Жеңімпаздарды анықтау күніндегі еуроның теңгеге шаққандағы бағамының (Қазақстанның Ұлттық банкінің деректері бойынша) бөлшек саны, ол арифметика ережелері бойынша үтірден кейін 2 таңбаға дейін дөңгелектеледі.
Бірінші деңгей Жүлдесінің 4-ші Жеңімпаз-иегері үшін	Жеңімпаздарды анықтау күніндегі үнді рупийінің теңгеге шаққандағы бағамының (Қазақстанның Ұлттық банкінің деректері бойынша) бөлшек саны, ол арифметика ережелері бойынша үтірден кейін 2 таңбаға дейін дөңгелектеледі.

**Жеңімпаздарды Анықтау мысалы:**

№1 Базадағы Өтінімдер саны – 489 д.

Жеңімпаздарды анықтау күніндегі үнді рупийінің теңгеге шаққандағы бағамы – 5,46

N анықтау формуласы, мұндағы A = 163, B = 0,46

$$N = 489 - 489 * 0,46 = 264,06, N = 264.$$

Ұтысты реттік нөмірі бар Өтінімді жіберген Қатысушы Бірінші деңгей Жүлдесінің Жеңімпазы және алушысы болып жарияланады.

**Егер Бірінші деңгей Жүлдесінің иегері деп жарияланған Жеңімпаз Қатысушының Өтінімі ұтысты болса, онда келесі реттік нөмірі бар Қатысушының Өтінімі Жеңімпаз болып жарияланады.**

9.3. **Екінші деңгей Жүлдесін** алатын Акция Жеңімпаздары келесі жолмен анықталады:

9.3.1. Ережелердің 3.4.-т. көрсетілген кезеңде Жеңімпаздар – Бірінші деңгей Жүлдесінің иегерлері ретінде анықталған барлық Қатысушылар Өтінімдерін қоспағанда, №1 Базаның Өтінімдер нөмірінен тұратын №2 База жасалады.

	<p>9.3.2. Әрі қарай осы Ережелердің 3.4-т. көрсетілген мерзімде Қазылар алқасы келесі сызба бойынша 27 (жиырма жеті) Жеңімпазды – Екінші Деңгей Жұлделерінің иегерлерін анықтайды:  <math>N = X/E * Q</math>,  Мұндағы, N – №2 Базадағы Өтінімнің реттік нөміріне сәйкес келетін сан (бүтінге дейін дөңгелектелген)  X – Екінші деңгей Жұлделерінің жеңімпаздарын анықтау талаптарына сәйкес Қатысушылар Өтінімдерінің жалпы саны  E – Екінші деңгей Жұлделерінің жалпы саны  Q – Жеңімпаздарды анықтау күніндегі АҚШ долларының теңгеге шаққандағы бағамының (Қазақстанның Ұлттық банкінің деректері бойынша) бөлшек саны, ол арифметика ережелері бойынша үтірден кейін 2 таңбаға дейін дөңгелектеледі.  Формула бойынша есептегенде N саны бүтін емес болып шыққан жағдайда N саны үлкен жаққа дөңгелектеледі.  <b>«N» нөмірі №5 Базада ұтысты болады.</b> Акция аясында 27 Жеңімпаз – Екінші деңгей Жұлдесінің иегері анықталады.  <b>Жеңімпаздарды Анықтау мысалы:</b>  №2 Базадағы Өтінімдер саны – 430 д.  Жеңімпаздарды анықтау күніндегі АҚШ долларының теңгеге шаққандағы бағамы – 452,94  N анықтау формуласы, мұндағы X = 430, E =27  <math>N = 430/27 * 0,94 = 14,97</math>, N = 15.</p> <p><b>Егер Бірінші деңгей Жұлдесінің иегері деп жарияланған Жеңімпаз Қатысушының Өтімі ұтысты болса, онда келесі реттік нөмірі бар Қатысушының Өтімі Жеңімпаз болып жарияланады.</b></p> <p>9.4. Акция Ұйымдастырушысынан Бірінші деңгей Жұлдесін немесе Екінші деңгей Жұлдесін ұтқаны туралы хабарлама (Қатысушының <a href="https://pgbonus.kz/promos/fairy-25-let">https://pgbonus.kz/promos/fairy-25-let</a> сайтында тіркелген кезде көрсеткен ұялы телефон нөміріне қоңырау шалу арқылы) алған жағдайда, Жеңімпаз ұтқаны туралы хабарламаны алған сәттен бастап 3 күн ішінде <a href="mailto:help@fairy25let.kz">help@fairy25let.kz</a> электрондық адресіне хат жібереді.  Хат келесіден тұрады:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Сатыпалымды растайтын чектің фотосы/скан-көшірмесі;</li> <li>• Байланыс деректері (Аты-жөні, телефон нөмірі, индексі көрсетілген пошта мекенжайы);</li> <li>• Жеке куәліктің немесе жеке басын куәландыратын басқа құжаттың көшірмесін/сканын қоса тіркеу арқылы жеке куәліктің деректері;</li> </ul> <p><b>Егер деректер осы тармақта көрсетілген мерзімде алынбаса (Жеңімпаз деректерді беруден бас тартса немесе толық емес/дұрыс емес деректерді берсе), Ұйымдастырушы келесі реттік нөмірлі Қатысушының Өтімін Жеңімпаз ретінде таңдау құқығын өзіне қалдырады.</b></p> <p>9.5. Акция Жеңімпаздарының тізімі осы Ережелердің 3.4-т. көрсетілген мерзімде <a href="https://pgbonus.kz/promos/fairy-25-let">https://pgbonus.kz/promos/fairy-25-let</a> сайтында жарияланады.</p>
<p>10. Қатысушының құқықтары.</p>	<p>Қатысушының құқықтары:</p> <p>10.1. Акция Ережелерімен танысу.</p> <p>10.2. Акцияға осы Ережелерде белгіленген тәртіп бойынша қатысу, Ережелердегі өзгертулер туралы ақпаратты алу.</p> <p>10.3. Акция Ұйымдастырушысынан Акция Ережелеріне сәйкес Акция туралы ақпарат алуды талап ету.</p> <p>10.4. Жұлделерді беруді талап ету.</p>
<p>11. Ұйымдастырушының құқықтары.</p>	<p>Ұйымдастырушының құқықтары:</p> <p>11.1. Ұйымдастырушыға осы Ережелердің 9.4-т. көрсетілген деректерді бермеген Қатысушыларға Жұлделерді тапсырудан бас тарту.</p> <p>11.2. Ережелерді өзгерту немесе Акцияны болдырмау, бұл ретте Ережелердің өзгергендігі немесе Акцияның болмайтыны/тоқтатылғаны туралы Ережелердің 6-т. көрсетілген тәртіпте Қатысушыларға хабарлау.</p>

	<p>11.3. Егер Ұйымдастырушы Қатысушының жіберген Сатыпалым туралы деректерінің жалған екеніне және осы Ережелердің 8.1-8.4-т. көрсетілген талаптарға сәйкес келмейтініне күдіктенсе, Ұйымдастырушы Қатысушыдан сатыпалым фактісін растайтын қосымша ақпарат сұрауға құқылы.</p> <p>Ұйымдастырушы өз қалауымен Акцияға қатысуды жарамсыз деп тануға, осы Ережелердің кез келген шарттары бұзылған жағдайда, сондай-ақ Қатысушының іс-әрекеттерінде алаяқтық белгілері анықталған жағдайда, Қатысушыны Акцияға қатыстырмауға құқылы.</p> <p>11.4. Өз күшімен өз қалауы бойынша кез келген уақытта Қатысушы деректерінің дұрыстығын тексеру және көрсетілген деректердің дұрыстығын растайтын құжаттарды талап ету.</p> <p>Мынадай жағдайларда:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Қатысушының анық емес және/немесе жалған (соның ішінде қате) жеке деректерді көрсетуі,</li> <li>- Қатысушының жеке басын растайтын құжаттарды беруден бас тартуы.</li> </ul> <p>11.5. Егер Ұйымдастырушы Ережелердің 3.5-т. сәйкес Жеңімпаздарды жариялау кезеңінде Қатысушы көрсеткен байланыс деректері арқылы онымен хабарласа алмаса, Қатысушы осы Ережелердің 7.1.1.–7.1.2 көрсетілген Бірінші деңгей Жүлдесін немесе Екінші деңгей Жүлдесін алу құқығынан айырылады, ал Ұйымдастырушы Ережелердің 9.2.–9.3-т. көрсетілген регламентке сәйкес жаңа Жеңімпазды таңдауға құқылы.</p> <p>11.6. Ұйымдастырушы осы Ережелерде көрсетілген жағдайлардан басқа кезде немесе Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптары негізіндегі жағдайлардан басқа кезде Акция Қатысушысымен жазбаша келіссөздер жасамау немесе басқа байланыс орнатпау құқығын өзіне қалдырады.</p> <p>11.7. Ұйымдастырушы Қатысушының қандай да бір қатесінің салдары үшін, соның ішінде (басқаларын қоспағанда) соңғысына келтірілген шығындар үшін жауапты емес.</p> <p>11.8. Талап етілмеген Жұлделерді өз қалауымен пайдалану.</p>
<p>12. Ұйымдастырушының міндеттері.</p>	<p>Ұйымдастырушының міндеттері:</p> <p>12.1. Акцияны осы Ережелерде белгіленген тәртіпте өткізу.</p> <p>12.2. Акция Қатысушыларына Ережелердің 3.5-т. көрсетілген мерзімде Жұлделер беру.</p>
<p>13. Техникалық Серіктестердің құқықтары.</p>	<p>13.1. 1-Техникалық серіктес электрондық пошта адресін және ұялы телефон нөмірін тексеру мақсатында Қатысушылармен байланысуға құқылы.</p> <p>13.2. 1-Техникалық серіктес электрондық пошта адрестерінің немесе ұялы телефон нөмірлерінің уақытша немесе бір адамға тиесілі деп санауға негізі бар болса, Жұлделерді беруден бас тартуға/бұғаттауға/күшін жоюға құқылы.</p>
<p>14. Техникалық Серіктестердің міндеттері.</p>	<p>14.1. 1-Техникалық серіктес пайдаланушыларды және солардың берген Өтінімдердің 8-т. көрсетілген шарттарға сәйкестігін тексереді.</p> <p>15.2. 1-Техникалық серіктес Өтінімдер тізімін жасайды.</p>
<p>15. Жұлделерді алу тәртібі.</p>	<p>15.1. Жұлделерді табыстау Ережелердің 3.5-т. сәйкес соңғы күнді қоса, 31.05.2024 ж. дейінгі мерзімде жүзеге асырылады.</p> <p>15.2. Бірінші деңгей Жүлдесі және Екінші деңгей Жүлдесі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Қатысушы өзінің жеке куәлігін немесе жеке басын куәландыратын өзге құжатын көрсеткен кезде ғана беріледі.</p> <p>15.3. Бірінші деңгей Жүлдесін және Екінші деңгей Жүлдесі алу үшін Жеңімпаз Ұйымдастырушымен Жүлдені Қабылдау-тапсыру актісінің 2 данасына қол қоюы тиіс. Қол қойылған Жүлдені қабылдау-тапсыру актісінің бір данасы – Жеңімпазда, ал екінші данасы Акция Ұйымдастырушысында қалады.</p> <p>15.4. Жүлдені алу құқығын басқа тұлғаға беруге рұқсат етілмейді.</p> <p>15.5. Жұлделердің ақшалай баламасын төлеуді талап етуге рұқсат етілмейді.</p> <p>15.6. Ұйымдастырушының қатысы жоқ себептермен алмаған, соның ішінде Қатысушылардың қате/шындыққа жатпайтын ақпарат берулеріне байланысты жеткізілмеген Жұлделер Қатысушыларға қайта тапсырылмайды.</p>
<p>16. Қосымша шарттар.</p>	<p>16.1. Акция қатысушысы ретінде ҚР аумағында тұрақты тұратын, ҚР аумағындағы кез келген дүкенде сатып алым жасаған ҚР кәмелетке толған азаматы ғана бола алады.</p>

	<p>16.2. Акцияға қатысу автоматты түрде Қатысушының осы Ережелермен танысқанын және келіскенін білдіреді.</p> <p>16.3. Акция лотерея немесе тәуекелге негізделген өзге ойын болып табылмайды, қатысу үшін төлем жасауды талап етпейді. Акцияның Тапсырыс берушісі «Проктер энд Гэмбл Қазақстан Дистрибьюшн» ЖШС болып табылады.</p> <p>16.4. Жұлделердің үлгісі, түсі, көлемі, сондай-ақ басқа параметрлері мен сипаттамалары Ұйымдастырушының қалауымен анықталады және Қатысушылардың болжамдарымен сәйкес келмеуі мүмкін, сондай-ақ олардың жарнама-ақпараттық материалдардағы суреттерінен өзгеше болуы мүмкін.</p> <p>16.5. Кассалық чекті Акцияның соңына дейін сақтау қажет.</p> <p>16.6. Осы Ережелерді, кез келген даулы мәселелерді және/немесе осы Ережелерде реттелмеген мәселелерді әртүрлі түсіндіретін жағдайлар туындаған жағдайда, Ұйымдастырушы Ережелерді құрастырушы ретінде ақырғы түсіндірмесін береді.</p> <p>16.7. Қатысушының толық емес, ескірген, дұрыс емес жеке деректер бергенінің салдарынан Ұйымдастырушы/Тапсырыс беруші өз міндеттемелерін орындамаған жағдайда, ол жауапкершілік тартпайды.</p> <p>16.8. Қатысушыдан қажетті мәліметтерді алмағаны үшін, Акцияның өткізілуі кезінде қолданылатын байланыс және/немесе байланыс арналары ұйымдарының кінәсінен алмағанын қоса, сондай-ақ қате көрсетілген немесе ескірген байланыс деректерінің салдарынан Қатысушымен байланысу мүмкін болмағаны үшін Ұйымдастырушы/Тапсырыс беруші жауап бермейді.</p> <p>16.9. Ережелер <a href="https://pgbonus.kz/promos/fairy-25-let">https://pgbonus.kz/promos/fairy-25-let</a> Сайтына жарияланған сәттен бастап күшіне енеді.</p> <p>16.10. Осы Акцияны өткізу процедураларына қатысты барлық наразылықтар соңғы күнді қоса, 31.05.2024 ж. дейін ғана қарастырылады.</p> <p>16.11. Акция бойынша кез келген сұрақтар туындаған жағдайда, Қатысушы <a href="mailto:help@fairy25let.kz">help@fairy25let.kz</a> электрондық адресіне хат жазып, Акция Ұйымдастырушысына ғана жүгіне алады.</p> <p>16.12. Ұйымдастырушының («АЛИДИ Логистикалық компаниясы» ЖШС), Тапсырыс берушінің («Проктер энд Гэмбл Қазақстан Дистрибьюшн» ЖШС), Техникалық Серіктестердің («ВИМ Диджитал» ЖШС және «Брендлинк» ЖШҚ) және олармен үлестес тұлғалардың (олармен үлестес болған тұлғалардың қызметкерлері), Акцияны дайындауға және өткізуге қатысатын ұйымдардың қызметкерлері, сонымен қатар жоғарыда көрсетілген тұлғалардың отбасы мүшелері Акцияға қатыстырылмайды.</p>
<p>17. Акция Қатысушысының өзінің жеке деректерін өңдеуге берген келісімі, Акция Ұйымдастырушысы өңдейтін Акция Қатысушысының жеке деректерінің тізімі, жеке деректерді өңдеу мақсаты, осындай жеке деректермен әрекет ету тізімі, жеке деректер жария етілуі немесе берілуі мүмкін тұлғалар, егер шекарааралық беру Акция Қатысушысының жеке деректерін өңдеу жүзеге асырылатын мерзім ішінде жасалса, жеке деректерді шекарааралық беру туралы мәлімет.</p>	<p>17.1. Акцияға қатысу фактісі және <a href="https://pgbonus.kz/promos/fairy-25-let">https://pgbonus.kz/promos/fairy-25-let</a> сайтына тіркелу фактісі және Қатысушы жеке деректерді (тегі, аты, байланыс телефон нөмірі, e-mail, төлқұжат деректері, ЖСН нөмірі, банк деректемелерін) беруі Акцияны өткізу аясында Акция Ұйымдастырушысымен, Техникалық Серіктестермен және Тапсырыс берушісімен оның жеке деректерін өңдеуге және «Жеке деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 мамырдағы № 94-V Заңына сәйкес және тәртіпте жұлделер беруге, сондай-ақ статистикалық мақсаттарда жеке деректер Ұйымдастырушымен, Техникалық серіктестермен және Тапсырыс берушімен пайдалануға және Procter&amp;Gamble компаниясының өнімдері туралы жарнамалық-ақпараттық материалдарды немесе Procter&amp;Gamble компаниясының өнімдерінің жарнамалық үлгілерін Қатысушы көрсеткен электрондық/почта адресіне жіберу немесе Procter&amp;Gamble компаниясының өнімдері туралы жарнамалық-ақпараттық материалдарды Қатысушының ұялы телефон нөміріне / электрондық адресіне жіберу мақсатында және/немесе жарнамалық орналастыру мақсатында (Procter&amp;Gamble компаниясының өнімдері туралы) және Procter&amp;Gamble өнімдері туралы жарнамалық-ақпараттық материалдарды әлеуметтік желілерде және коммуникацияның басқа арналарында және Акция аясынан тыс басқа да мақсаттарда берілген критерийлер негізінде әлеуметтік желілердің пайдаланушы-адресаттар топтарын автоматтандырылған қалыптастыруға келісімін білдіреді.</p> <p>17.2. Акция Ұйымдастырушысы, Тапсырыс берушісі және Техникалық серіктестері автоматтандыру құралдарын пайдалана отырып және/немесе осындай құралдарды пайдаланбай жеке деректермен келесі әрекеттерді жасай алады: жинау, жазу, жүйелеу, жинақтау, сақтау, нақтылау (жаңарту, өзгерту), шығарып алу, пайдалану, беру (тарату, беру, қол жеткізу), иесіздендіру, бұғаттау, алып тастау, жою.</p> <p>17.3. Акция Ұйымдастырушысы, Тапсырыс берушісі және Техникалық серіктестері осы Ережелердің 17.1, 17.4-т. көрсетілген мақсаттарға сәйкес жұлделерді, өнімдерді</p>

жеткізуді/ақпаратты таратуды жүзеге асыру, оларды өңдеу үшін шарттық қатынастары бар үшінші тұлғаларға Қатысушылардың деректерін беруге құқылы.

17.4. Ақцияға қатысу фактісі және Қатысушының жеке деректері бар нысанды тіркеу/жіберу фактісі (аты, ұялы телефон нөмірі, электрондық пошта адресі) Қатысушының Procter&Gamble компаниясының өнімдері туралы жарнамалық-ақпараттық материалдарды немесе Procter&Gamble компаниясының өнімдерінің жарнамалық үлгілерін Қатысушы көрсеткен электрондық\почта адресіне жіберу

немесе Procter&Gamble компаниясының өнімдері туралы жарнамалық-ақпараттық материалдарды Қатысушының ұялы телефон нөміріне/электрондық адресіне жіберу, (Procter&Gamble компаниясының өнімдері туралы) және Procter&Gamble өнімдері туралы және Ақция аясынан тыс басқа да мақсаттарда жарнамалық-ақпараттық материалдарды жарнамалық орналастыру (Procter&Gamble компаниясының өнімдері туралы) және тарату мақсатында берілген критерийлер негізінде әлеуметтік желілердің пайдаланушы-адресаттар топтарын автоматтандырылған қалыптастыру мақсатында жеке деректерді Ұйымдастырушыға, Тапсырыс берушіге және Техникалық Серіктестерге, сондай-ақ үшінші тұлғаларға беруге, соның ішінде 125040, Мәскеу қ., Беговой Ішкі аум. қ. муниципалды округі, Ленинград даңғ., № 15 үй, 1-кұрылыс, 4-қабат, VI-орынж., 17-бөлме мекенжайы бойынша тіркелген «Лайон Коммьюникейшнз» ЖШҚ (СТН 7743068844), Ресей, 125171, Мәскеу қ., Ленинград тас жолы, 16А-үй, 2-кұр. мекенжайы бойынша тіркелген «Проктер энд Гэмбл Дистрибьюторлық Компания» ЖШҚ мекенжайына (СТН 7701639976), («Procter&Gamble» деп аталатын), Ресей Федерациясының аумағына шекарааралық беруге келісетінін білдіреді.

Жеке деректерді өңдеуге/пайдалануға берген келісім Ақция Ұйымдастырушысы/Тапсырыс берушісі/Техникалық серіктесі үшін Ақцияның өткізілу мерзімдері аяқталған сәттен бастап 10 (он) жыл бойы жарамды болады.

17.5. Қатысушы Келісімін келесі жолмен қайтарып ала алады:

17.5.1. Ұйымдастырушыға кез келген уақытта 050007, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Орманов көш., 64Б/1 мекенжайы бойынша қайтарып алу туралы жазбаша хабарлама жіберу арқылы.

Тапсырыс берушіге кез келген уақытта Алматы қ., Медеу ауд., Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы, 240-Г мекенжайы бойынша қайтарып алу туралы жазбаша хабарлама жіберу арқылы.

Берген келісімін қайтарып алу туралы хабарлама алған жағдайда, Ақция Ұйымдастырушысы мен оның уәкілетті тұлғалары Қатысушының жеке деректерін өңдеуді тоқтатып, хабарлама түскен күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде жеке деректерді жояды. Бұл ретте егер Қатысушы тиісті Ақцияның өткізілу мерзімі кезеңінде берген келісімін қайтарып алса, онда ол Ұйымдастырушы Ақция Қатысушысынан хабарлама алған сәттен бастап осы Ақция аясында жүзделерді алу құқығынан автоматты түрде айырылады.

17.5.2. Тапсырыс берушіге кез келген уақытта 8-800-080-50-52 телефоны бойынша хабарласып, сондай-ақ Тапсырыс берушіден Қатысушыға жіберілетін хаттарда көрсетілетін тиісті сілтеме бойынша өтіп, кез келген уақытта Тапсырыс берушіге сұратым жіберу арқылы.

17.5.3. Ұйымдастырушыға кез келген уақытта help@fairy25let.kz поштасына хат жіберу арқылы. 17.5.4. 1-Техникалық Серіктеске кез келген уақытта support@pgbonus.kz поштасына хат жіберу арқылы.

17.5. Қатысушының жеке деректер субъектісі ретіндегі құқықтары. Қатысушының құқықтары:

- өзінің жеке деректерінің операторлары ретіндегі Ұйымдастырушы/Техникалық Серіктестер/Тапсырыс беруші туралы мәліметтер алу

- өзінің жеке деректерінің операторлары ретіндегі Ұйымдастырушыдан/Техникалық Серіктестерден/Тапсырыс берушіден өзінің жеке деректерін нақтылауды, егер жеке деректер толық емес, ескірген, дәйекті емес, заңсыз алынған немесе өңдеудің жарияланған мақсаты үшін қажет болмаған болса, оларды бұғаттауды немесе жоюды талап ету

- өз құқықтарын қорғау бойынша заңмен қарастырылған шаралар қабылдау.

- осы Шарттармен және Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 мамырдағы «Жеке деректер мен оларды қорғау туралы» Заңымен қарастырылған өзге құқықтар.



	17.6. Қатысушының толық емес, ескірген, дұрыс емес жеке деректер бергенінің салдарынан Ұйымдастырушы/Техникалық Серіктестер/Тапсырыс беруші жоғарыда аталған міндеттемелерін орындамаған жағдайда, олар жауапкершілік тартпайды.
--	--